

2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 359 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 22 маусымда N 7-3-82 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қаңтардағы N 113 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2010.01.29 N 113 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі N 543 "Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі N 779 "Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтеген әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Жарлығын жүзеге асыру туралы" қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Н. Кенжеғалиевке (келісім бойынша) әскерге шақыруды кейінгі қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру ұсынылсын.

2. Мына құрамда аудандық шақыру комиссиясы құрылсын:

Кенжеғалиев Нурболат Утепович – комиссия төрағасы, "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы(келісім бойынша);

Басимова Ольга Махметовна – комиссия төрағасының орынбасары, "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі;

Айтбағамбетова Динара Бактигуловна – комиссия хатшысы (келісім бойынша);

Комиссия мүшелері:

Ергалиев Марат Бахытжанович - "Ауғанстан соғысының мүгедек-ардагерлерінің Бөрлі аудандық қоғамы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша);

Лилеков Юрий Борисович – "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының білім беру бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әдіскері (келісім бойынша);

Утепов Нуржан Жаксығалиевич – дәрігерлік комиссияның төрағасы (келісім бойынша);

Ермуханов Дархан Максutowич – "Батыс Қазақстан облысы ішкі істер Департаментінің Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары (келісім бойынша);

Чигвинцев Василий Иванович – Бөрлі аудандық мәслихатының депутаты (келісім бойынша).

3. 2009 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым, 1 қазаннан мен 31 желтоқсан айларында шақыруды жүргізу жөніндегі аудандық дәрігерлік комиссия келесі құрамда құрылсын:

Негізгі құрамы:

Утепов Нуржан Жаксығалиевич медициналық комиссияның төрағасы

Кульщицкая Елена Михайловна комиссия хатшысы

Жакипова Алла Бикейевна терапевт

Сарсенов Идият Улғалиевич хирург

Ерекешева Нуржамал Султановна лор

Касымов Арман Оразбекович невропатолог

Шевченко Елена Степановна психиатр

Хамиева Кулаим Хабибулловна дерматолог

Зделеева Пилюра Кабышевна нарколог

Утепова Лилия Нуржановна тіс дәрігері

Ташенова Гуляйм Геройевна медбике

Абдигалиева Балымай Абесовна медбике

Садыкова Айслу Балғалиевна медбике

Зимова Газима Аскарровна медбике
Филоненко Виктор Григорьевич ЭКГ диагностика
Еспаева Роза Утебековна лаборант дәрігері
Махлеева Татьяна Павловна рентгенолог дәрігері
Тлеужанова Гульнара УЗИ дәрігері
Гусмановна
Байчеркешев Максот ФГДС дәрігері
Ермеккалиевич
Муханова Мерует Куандыковна кіші дәрет лаборанты
Джуманиязова Айгуль рентген лаборанты
Тулеухаировна
Пшенбаева Гульбаршин қан алу лаборанты
Жаксыбаевна
Галиева Гульнара Елтаевна қан алу лаборанты
Саплина Татьяна қан алу лаборанты
Баймуханова Анаргуль Климовна қан алу лаборанты
Гадильшиева Рыспике лаборант
Иксангалиева Гульмира ЭКГ медбике
Гизатовна
Резервтік құрамы:
Куюшева Аккағаз Молдабековна медициналық комиссияның
төрағасы
Бектурганов Али Мынжанович хирург
Арыстанов Саин Сатанович хирург
Сарсенова Менслу лор
Қабделмановна
Батырханова Сабилә терапевт
Мендижановна.

4. "Бөрлі аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры А. Алдангаровқа (келісім бойынша) Бөрлі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімін бос керуеттермен қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. "Бөрлі аудандық емхана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры Р. Жалиевке (келісім бойынша) шақыру пунктінде кезекті әскери қызметке шақыру кезінде жұмыс жасау үшін дәрігер-мамандар мен медбикелер бөлу ұсынылсын.

6. "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің меңгерушісі (С. Каирғалиев) шақыру пунктінде жұмыс жасау үшін жұмыссыздар қатарынан техникалық қызметкерлер бөлсін.

7. Ауданның селолық округ әкімдері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырылған және бейбіт кезеңде әскери қызметке жарамсыз деп танылған, қайта куәландырылатын әскери қызметті өтеуге міндетті азаматтарды автокөлікпен қамтамасыз етсін.

8. "Батыс Қазақстан облысы ішкі істер Департаментінің Бөрлі ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Н. Наурзалиевке (келісім бойынша) мерзімінде келмеген және шақырудан бас тартқан азаматтарды анықтауда және шақыру пунктіне жеткізу үшін "Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне көмек көрсету ұсынылсын.

9. Бұқаралық ақпарат құралдарына (Е. Менжанова, О. Перегудов) әскери қызмет қатарына шақыру барысын жариялау ұсынылсын.

10. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімі

Б. Шакимов